




*«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана
жүйесі»ММ
Әдістеме – библиография бөлімі*

Сегіз өнер серісі



*ақын, баспагер, аудармашы Бақыткерей Зәйкеұлы Ысқақовтың
туғанына 80 жыл
(1945-2010)*

Библиографиялық көрсеткіш

*«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана
жүйесі»ММ
Әдістеме – библиография бөлімі*

Сегіз өнер серісі

*ақын, баспагер, аудармашы Бақыткерей Зәйкеұлы Ысқақовтың
туғанына 80 жыл (1945-2010)*

Библиографиялық көрсеткіш

Арқалық қаласы 2025 жыл

ӘОЖ 011
КБЖ 91
С 28

Құраст., компьют.терген: С. М. Көшкінбай
Жауапты: ред: Д. Е. Құсайын

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай
Шығарымға жауапты: Д. Е. Құсайын
Мұқабаны безендірген: С. М. Көшкінбай
Редактор: Л. Б. Исабекова

Сегіз өнер серісі [Мәтін] : [библиографиялық көрсеткіш] // ақын, бапкер, аудармашы Бақыткерей Зәкейұлы Ысқақовтың тағанына 80 жыл мерейтойына арналған) : Библиографиялық көрсеткіш / «Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Л. Б. Исабекова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 52 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Ақын, бапкер, аудармашы Бақыткерей Зәкейұлы Ысқақовтың 80 жылдығына арналған көрсеткішті оқырмандар назарына ұсынамыз. Бұл құралға Бақыткерей Ысқақовтың өмірі мен шығармашылығы жайындағы ақпарат жинақталған.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,
Әдістеме-библиография бөлімі

Құрастырушыдан

Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің әдістеме-библиография бөлімі ақын, баспагер, аудармашы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Бақыткерей Ысқақовтың 80 жыл толуына орай «Сегіз өнер серісі» атты библиографиялық көрсеткішін оқырман назарына ұсынды

Белгілі ақын Бақыткерей Ысқақовтың қаламынан туған өлеңдер мен поэмалардың бәрі де туған жердің табиғатын суреттеуге, адам бейнесін жан-жақты көрсетуге, өмірдегі күрестің мәнін философиялық оймен жеткізуге арналған. Өз даусына лайық тақырып таңдап, оны өзінше жырлап, өмір құбылысын қамту жағынан, авторлық ойды бейнелеу ерекшелігі жағынан болсын, өзіндік сипатпен көңілге жылылық ұялатып, оқырман мен ақын арасын жақындата түскендей.

Библиографиялық құралға Б. Ысқақовтың өмірі мен шығармашылығы жайындағы ақпарат жинақталған. Көрсеткішке баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материалдар енгізілген. Әдебиеттер бөлімдер бойынша жүйеге келтірілген, бөлім ішіндегі материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған. Бөлімдер ақын еңбектерінің, мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының, оның өмірі мен қызметі жайындағы кітаптары мен ол туралы мақалаларының тізімінен тұрады. Басылым соңында көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіштері берілген.

Библиографиялық көрсеткіш әдебиетшілерге, ғалым-зерттеушілерге, студенттерге, кітапхана қызметкерлеріне, ақынның шығармашылығымен тереңірек танысқысы келетін барша жыр сүйер қауымға арналған.

Өлең өзегіндегі өмір



Қазақтың белгілі ақыны, баспагер, аудармашы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Аманкелді ауданының Құрметті азаматы Ысқақов Бақыткерей Зәйкеұлы 1945 жылы Қостанай облысы, Арқалық ауданындағы Қайыңды ауылында дүниеге келген. 1972 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. Сол жылы Жазушылар одағында көркем әдебиетті насихаттау бюросының нұсқаушысы болып қызмет атқарады. Одан кейін Қазақстан Мемлекеттік баспа комитетіне аға редактор, содан соң «Жазушы» баспасына редактор болып ауысады.

Ақын өлеңдері облыстық, республикалық газет-журналдарда жарияланып, 1975 жылы «Көктем тынысы» атты жас ақындар жинағына енді. Содан бері жиырмадан астам жыр кітабы жарық көрген. Ақын өлеңдерінің негізгі нысаны жас ұрпақ тәрбиесі, аға буын өнегесі, адам тағдыры, өмірдегі игі өзгерістер. Адал достық, айнымас махаббат, адамгершілік тақырыбындағы шығармалары өзіндік бояу, өзіне тән өрнегімен ерекшеленеді. Ол өз дауысына лайықты тақырып тандап, оны өзінше жырлап, өмір құбылыстарын қамтуы жағынан болсын, авторлық ойды бейнелеу ерекшелігі жағынан болсын өзіндік сипатпен көңілге жылылық ұялатып, оқырман мен ақын арасындағы жібек желіні ширата түсуге шебер. Ақынның лирикалық өлеңдеріндегі осы қасиеті көлемді жыр, дастандарында да көрініс тауып, ұзақтығына қарамай оқырманды үйіріп әкетеді. Ақын қаламынан «Көшпенділер» (Тұмар ханым тұлғасы), «Мүйізді Өтеген батыр», «Жәуке», «Бір туар» (Қошқарұлы Жәнібек бейнесі), «Дала қыраны» (Аманкелді тұлғасы), «От шеңбер» (Құныскерей Қожахметов туралы), «От пайнаған ұл» (Мұстафа Шоқай өміріне арналған), «Тас мүсіндер сөйлейді» (Эстониядағы Саласпис концлагері хақында), «Әбдіғапар хан» сияқты халқымыздың тарихы мен ардагер ұлдарына арналған поэмаларымен қатар бүгінгі күн тақырыптарын арқау еткен, «Біртума Бекзат-ай», «Дүбірлі дәуір», «Өміршең өнер өзегі», «Ғашық жүрек» (1977), «Тәкаппар таулар» (1979), «Маржан тұма» (1982), «Шыршалы шың» (1982), «Жол айрығы» (1985), «Найзағай жарқылы» (1986), «Бұлттар таудан тарайды» (1989), «Бұлттағы бұлақ» (1992), «Той төбе» (1996), «Бес тас» (1993), «Жүрегім жұлдыздар ұясы» (2004), «Тәңір құсым» (2005), «Күн – ілгері» (2009) атты жыр жинақтарын шығарды.

Оның орыс тілінде «Разбег» (1986), «Горная высь» (1988) атты кітаптары жарық көрді.

Ол тек ақын емес өзін аудармашы қырынан да көрсете білді. Татар ақыны М.Хұсайыновтың «Сүйемін сені», монғол ақыны Ж.Дашдондогтың «Күншуақ» атты өлең кітаптарын аударған. Сондай-ақ Т.Шевченко,

Тоқтоғұл, М.Исаковский, Б.Слуцкий, В.Кулемин, Я.Козловский, О.Фокина, М.Познанская, т.б. ақындардың өлеңдерін аударуға қатысты.


Ақынның өлең-жырлары орыс, татар,қырғыз, ұйғыр тілдеріне аударылды. Бірнеше дүркін республикалық, аймақтық жыр мүшәйраларының жүлдегері атанды.

Терең ойлылық, азаматтық пафос, адамға, елге деген махаббат сезімі оның әр өлеңінің өн бойынан есіп тұратын ақиық ақын Бақыткерей Ысқақ 2010 жылы 65 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Жыр сүйер қауым барда жерлесіміз Бақыткерей Ысқақтың өлеңдері мәңгі өмір сүрері анық.

Шығармалары:

1. Өлеңім – өмірім [Мәтін] : өлеңдер / Б. Ысқақ. – Алматы : Абзал Ай, 2014. – 160 б.
2. Күнілгері [Мәтін] : өлеңдер, толғаулар / Б. Ысқақ. – Алматы : Мектеп, 2010. – 192 б.
3. Шығармалар жинағы [Мәтін] : өлеңдер. 2-том. Тастағы тамыр / Б. Ысқақ. – Алматы : Өлке, 2010. – 288 б.
4. Ысқақов,Бақыткерей. Шығармалар жинағы [Мәтін] : өлеңдер. 1-том. Ғашық ғұмыр / Б. Ысқақ. – Алматы : Өлке, 2009. – 288 б.
5. Тәңір-құсым [Мәтін] : өлеңдер, баллада, хиһая, поэмалар / Б. Ысқақ. – Алматы : Мектеп, 2005. – 188 б.
6. Қайыңдышоқы [Мәтін] : өлеңдер, толғаулар, поэмалар / Б. Ысқақ. – Алматы : Жазушы, 2003. – 228 б.
7. Той төбе [Мәтін] : жыр, дастандар / Б. Ысқақ. – Алматы : Жазушы, 1996. – 224 б.
8. Қорқыт Ата кітабы [Мәтін] / түрік тілінен ауд.: Б. Ысқақов. - Алматы: Жазушы, 1994. – 160 б.
9. Ұмытылмас есімдер [Мәтін] : ұлы ғалымдар өмірінен (XV-XX ғасырлар) / құраст.: Б. Ысқақов. – Алматы : Қазақстан, 1994. – 224 б.
10. Ханталапай [Мәтін] : қазақ балаларының ұлттық асық ойыны / Б. Ысқақ. – Алматы : Айқап, 1993.
11. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы [Мәтін]. 8-том. Өлеңдер, ертегілер, аңыздар, поэмалар / Қ. Мұқышев, Ә. Ахметов, Б. Ысқақов, Н. Әлімқұлов. – Алматы : Жалын, 1991. – 560 б.
12. Найзағай жарқылы [Мәтін] : өлеңдер, балладалар, толғау, поэма / Б. Ысқақов. – Алматы : Жалын, 1986. – 112 б.



13. Жолайырық [Мәтін] : жыр кітабы / [Б. Ысқақов және т.б.]. – Алматы : Жазушы, 1986. - 256 б.
14. Маржан тұма [Мәтін] : өлеңдер мен поэма / Б. Ысқақов. – Алматы : Жалын, 1982. – 88 б.
15. Жер үні [Мәтін] : өлеңдер / Я. Колас ; ауд.: Б. Ысқақов ; құраст. М. Жұмағалиев. – Алматы : Жазушы, 1982. – 200 б.
16. Жаңылтпаштар [Мәтін] / құраст.: Б. Ысқақов. – Алматы : Жалын, 1981. – 64 б.
17. Тәкаппар таулар [Мәтін] : өлеңдер / Б. Ысқақов. – Алматы : Жалын, 1979. – 88 б.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

18. Ысқақ, Бақыткерей. Өссін жайнап гүл-бақтар [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Балдырған. – 2015. – № 5. – Б. 14–15.
19. Ысқақ, Бақыткерей. Махаббаттан мәңгілік жыр туады [Мәтін] : [ақын Бақыткерей Ысқақовтың өлеңдер шумағы] / Бақыткерей Ысқақ // Аманкелді арайы. – 2015. – 8 мамыр. – Б. 7.
20. Ысқақ, Бақыткерей. Атадан қалған көзсің сен [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақ // Жұлдыз. – 2015. – № 4. – Б. 83–84.
21. Ысқақ, Бақыткерей. Арқалығым [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Арқалық хабары. – 2013. – 23 тамыз. – Б. 4.
22. Ысқақ, Бақыткерей. Көңілім күннің көзіндей [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Парасат. – 2012. – № 7. – Б. 5.
23. Ысқақ, Бақыткерей. Махаббат лирикасы [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақ // Парасат. – 2012. – № 7. – Б. 5.
24. Ысқақ, Бақыткерей. Кешкі бұлт көшкіні [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақ // Жұлдыз. – 2010. – № 11. – Б. 81–82.
25. Ысқақ, Бақыткерей. Жайлау [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Жыл он екі ай. – 2010. – №6. – Б. 101.
26. Ысқақов, Бақыткерей. Қайталанбас қазақ музыкасы [Мәтін] : [қазақтың дәстүрлі музыка өнерін жетілдіру] / Бақыткерей Ысқақов ; Біләл Ысқақов // Қазақ әдебиеті. – 2008. – 19 желтоқсан. – Б. 14.
27. Ысқақ, Бақыткерей. Сонар ; Қолдұзақ; Тас жалату; Ойыншықтар; Әжемнің құшағы ; Қырғыз досыма ; Құланның қодығы [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақ // Балдырған. – 2008. – № 2. – Б. 17–18.
28. Ысқақов, Бақыткерей. Өлкелік принцип негізінде оқушыларға

экологиялық білім және тәрбие беру [Мәтін] : [Экологиялық тәрбие беру жолдары, оқушылардың табиғат қорғау жауапкершілігін арттыру жайлы] / Бақыткерей Ысқақов // Ұлт тағылымы. – 2004. – №1. – Б. 18–21.

29. Ысқақ, Бақыткерей. Аспан шырақтары [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақ // Торғай. – 2000. – 21 шілде. – Б. 3.
Ысқақ, Бақыткерей. Темірқазық [Мәтін] : [өлең] / Б. Ысқақ // Торғай. – 2000. – 21 шілде. – Б. 3.
30. Ысқақ, Бақыткерей. Ай [Мәтін] : [өлең] / Б. Ысқақ // Торғай. – 2000. – 21 шілде. – Б. 3.
31. Ысқақ, Бақыткерей. Өнердің келем шауып жарысында [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақ // Халық кеңесі. – 1999. – 29 сәуір. – Б. 4.
32. Ысқақ, Бақыткерей. Күш атасы – Қажымұқан [Мәтін] : [поэма] / Бақыткерей Ысқақ // Торғай таңы. – 1997. – 29 қаңтар. – Б. 4.
33. Ысқақ, Бақыткерей. Күш атасы – Қажымұқан [Мәтін] : [поэма] / Бақыткерей Ысқақ // Егемен Қазақстан. – 1996. – 29 қазан. – Б. 3.
34. Ысқақ, Бақыткерей. Мақтанамын қашанда елім десем [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 15 қазан. – Б. 5.
35. Ысқақ, Бақыткерей. Туған күнде [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 15 қазан. – Б. 5.
36. Ысқақ, Бақыткерей. Орман арасында [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 15 қазан. – Б. 5.
37. Ысқақ, Бақыткерей. Өлең жаздым [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 15 қазан. – Б. 5.
38. Ысқақ, Бақыткерей. Қаталдық [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 15 қазан. – Б. 5.
39. Ысқақ, Бақыткерей. Өзегім өртенеді елім десем [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақ // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 15 қазан. – Б. 5.
40. Ысқақ, Бақыткерей. Қара торғай [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 12 қазан. – Б. 5.
41. Ысқақ, Бақыткерей. Ауылды аңсау ; Алтыбақан ; Мен – алашпын ; Қиғаш толқын ; Кілт ; Өліара ; Асыл сый ; Қазақтардың қонағы [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақ // Торғай таңы. – 1995. – 4 мамыр. – Б. 4.
42. Ысқақ, Бақыткерей. Топ жарған Торғай [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Торғай таңы. – 1995. – 11 қараша. – Б. 4.
43. Ысқақ, Бақыткерей. Нұрлы өмір [Мәтін] : [өлең] / Б. Ысқақ // Ауыл тынысы. – 1995. – 7 маусым. – Б. 3.
44. Ысқақ, Бақыткерей. Тылсым ; Нөсер ; Еш қашанда қоштаспайды ғашықтар ; Құс қанаты [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақ // Торғай таңы. – 1995. – 17 маусым. – Б. 4.

45. Ысқақ, Бақыткерей. Жақан аға [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Ауыл тынысы. – 1995. – 7 шілде. – Б. 3.
46. Ысқақ, Бақыткерей. Нұрлы өмір [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Ауыл тынысы. – 1995. – 7 шілде. – Б. 3.
47. Ысқақ, Бақыткерей. Арман – ақын [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Рауан. – 1995. – 28 маусым. – Б. 3.
48. Ысқақ, Бақыткерей. Жұмбақ – шыңырау [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 5 қараша. – Б. 4.
49. Ысқақ, Бақыткерей. Сен жанымда болсаң [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Рауан. – 1995. – 28 маусым. – Б. 2.
50. Ысқақ, Бақыткерей. Құс қанаты [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Торғай таңы. – 1995. – 17 маусым. – Б. 3.
51. Тойтөбе [Мәтін] : [өлең] / Бақыткерей Ысқақ // Ауыл тынысы. – 1995. – 7 маусым. – Б. 3.
52. Ысқақ, Бақыткерей. Шақпақ көлі ; Арман – ақын ; Көк шыбық ; Жайтартқыш [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақ // Рауан. – 1995. – 28 маусым. – Б. 2.
53. Ысқақ, Бақыткерей. Ақсауыт [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақов // Торғай таңы. – 1991. – 14 маусым. – Б. 4.
54. Ысқақ, Бақыткерей. Замана сазы ; Кеңшілік ; Бір тал шаш ; Мен – алашпын ; Жүрегім қалай бұздың лүпілінді ; Шалдар [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақов // Ақ жол. – 1991. – 27 желтоқсан. – Б. 3.
55. Алыстан көш келеді [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақов // Жұлдыз. – 1991. – № 4. – Б. 50.
56. Ысқақов, Бақыткерей. Ой толқындары [Мәтін] : [өлеңдер] / Б. Ысқақов // Торғай таңы. – 1991. – 21 мамыр. – Б. 4.
57. Дәуірле далам, даңқыммен [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақов // Жұлдыз. – 1988. – №4. – Б. 93.
58. Дала дастаны [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақов // Жұлдыз. – 1986. – № 12 – Б. 54–59.
59. Қыран өмір [Мәтін] : баллада / Бақыткерей Ысқақов // Жұлдыз. – 1985. – № 12. – Б. 65–69.
60. Болса менің қол астында алтыным [Мәтін] : [өлеңдер] / Бақыткерей Ысқақов // Жұлдыз. – 1979. – № 9. – Б. 16.

Ол туралы:

61. Ысқақов Бақыткерей Зәйкеұлы [Мәтін] // 2020 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндер күнтізбегі : библиогр. көрсеткіш / Арқалық облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.: Г. К. Сейтқожина, С. Ғ. Ермағанбет ; ред. А. К. Ахметжанова]. – Арқалық, 2019. – Б. 18–21.
62. Бақыткерей Ысқақов [Мәтін] // Ұлы дала: Торғай тарландары ғұмырбаяндық энциклопедия. 2-том / Ә. Жақып ; ред.: Ә. Анаров ; алғы сөз жазғ.: С. Ысқақов. – Астана : Парыз, 2016. – Б. 176–177.
63. Нурекина, Айгүл. Жеңіспен дүниеге келген тұлға [Мәтін] : [ақын Бақыткерей Ысқақовтың 75 жылдығына орай] / Айгүл Нурекина // ARQALYQ habary. – 2020. – 29 мамыр. – Б. 4.
64. Нурекина, А. Адал достық пен махаббат жыршысы [Мәтін] : Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Бақыткерей Ысқақтың туғанына 70 жыл / А. Нурекина // Торғай. – 2015. – 8 мамыр. – Б. 3.
65. Ысқақов Бақыткерей Зәйкеұлы [Мәтін] // 2015 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндер күнтізбегі : библиогр. көрсеткіш / Арқалық облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.: А.Қ. Ахметжанова, ; ред. А.М. Ермағамбетова]. – Арқалық, 2015. – Б. 30–32.
66. Бақыткерей Ысқақ [Мәтін] // Торғай елі : энцикл. / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы: Арыс, 2013. – Б. 444–445.
67. Мәдібаева, Қанипаш. Өлең өзегіндегі өмір [Мәтін] : [ақын Бақыткерей Ысқақ туралы] / Қанипаш Мәдібаева // Ана тілі. – 2010. – 9–15 желтоқсан. – Б. 10.
68. Тұрғынбекұлы, Серік. Бақыткерей баспалдақтары [Мәтін] : [ақын Бақыткерей Ысқақовты еске алу] / Серік Тұрғынбекұлы // Қазақ әдебиеті. – 2010. – 29 қазан. – Б. 11.
69. Асқар, Самат. Қоңыр Әуен [Мәтін] : [ақын Б.Ысқақтың 50 жылдық мерейтойына арнау] / С. Асқар // Торғай таңы. - 1995. - 22 шілде. - Б. 4.
70. Ақын Бақыткерей Ысқақов 50 жаста [Мәтін] : [ақын Бақыткерей Ысқақовты құттықтау] / [газ. ред.] // Қазақ әдебиеті. – 1995. – 25 шілде. – Б. 13.
71. Ақын Бақыткерей Ысқақ 50 жаста [Мәтін] : [ақын Бақыткерей Ысқақовтың мерейтойына орай] / [газ. ред.] // Ауыл тынысы.


Сексен, тоқсан сендей ақыл түс те емес,
Қабыл болсын
Айтылған сөз – Талақтың

ӨТКЕНШЕК

Тербекті тастыңа қытайды,
Тербекті қолыңа талтайды,
Абағ бақ еркінге құлатыды,
Зұлымды.

Өлең жаздым,
қол жетпес ғашығыма,
Тең келмес өмірдегі асылыма.
Келе-келе
ол дағы кетті алыстап
Білмеймін сері сезім жасыда ма?

Ағыл жұрты,
Ағыл жұрты жұрты,
Тіріліктің несі ағыл жұрты,
Ең бірінші,
Табияқты өмденей,
Адамды өмденей,
Босқа арам тер төгеді.



*Мен туғанда,
Тыныштығын алған әлемнің,
Соғыс таяжал тоқтанды!*

Бақыткерей



Бақыткерей Бақыткерейұлының 1966 жылғы





Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімі ақынның 75 жылдық мерейтойына орай «Шуақты көңіл жырлары» атты кітап көрмесін оқырман назарына ұсынды



Абай атындағы ҚазПУ-де өткізілген еске алу кешіндегі кітап көрмесі



ақын Бақыткерей Ысқақовтың шығармашылығы туралы
тақырыптық папка жиынтығы



Ақын жайлы лебіздер:

«...Адам өмірінің таңертеңі, түсі, кеші бар. Әрқайсысының өзіне тән көңіл күйі, сыры бар. Бақыткерей солардың бәріне ақындық сезімталдықпен назар аударып, үлкен шабытпен жырлап келеді...»

**Сапабек Әсіп,
жазушы-журналист**

«...Оның өлеңдері өмірдің өзіндей қарапайым. Олардан жалған бір дыбыс, артық бір сөз көрмейсің. Өйткені, Бақыткерейдің өзі де сондай болатын. Ал өлең ақынның жаратылыс бітімі мен табиғатынан тұрады ғой...».

**Темірхан Медетбек,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты**

«...Бақыткерей жырларының негізі - ол адалдықтан, адамға деген махаббаттан туатын жырлар...».

**Ғалым Жайлыбай,
ақын, Қазақстан Жазушылар
Одағы төрағасының орынбасары**

Қоңыр әуен

(ақын Б. Ысқақтың 50 жылдық мерейтойына арнау)

**Кеудеңде қоңыр әуен қоңыраулап,
Шығыпсың елу өрге омыраулап.
Айқара құшақ ашып ақынына,
Алдыңнан аулың шықты көңіл аулап.**

**Қала ма бұл шақта күй ағытылмай,
Шырқайды бозторғай ән жағы тынбай,
Торғай да биыл қатты тасып еді,
Өзіңнің шамырқанған шабытындай.**

**Тербетіп әуел бастан өлең бесік,
Өсіп ең сағым қуып, селеу кешіп.
Өн бойы нұрға толы, сырға толы,
Далиған далаң жатыр сәлемдесіп.**

**Өрен ең шыққан кеңдік қанасынан,
Өлең ең дауа тапқан даласынан,
Сауыры Сарыарқаның Сарторғайдың,
Саулайды саумал ауа сабасынан,
(Айналып жатыр бүгін баласынан).**

**Бір бақыт – бауыр бүтін, басың аман,
Жырлатып жолдас болар досың әмән.
Ер жасы – елу жасың құтты болсын,
Балаша аңқылдаған асыл ағам!**

**Зымырап жарты ғасыр қалай өткен,
Өр даусың отызындай шыға ма өктем?
Жарайды онда тұрған мәселе жоқ,
Көңілі ақындардың мәңгі көктем!**

**Әспеттеп мерейінді асырғасын,
Аян ғой жұртыңнан сыр жасырмасың.
Құдайға шүкір қашқан құтылмайды,
Қиқулап қос жиырма бес қосылғасын.
Алпыс та басыңнан құс асырмасын,
Екпінің жетпісте де басылмасын!**

**Құшақтап қалай деуші ең хал-жағдайың,
Қашан да қара үзбейді көкжалдарың.**

**«Бақанның тойы – өлең-жырдың тойы», –
Деп еді ақ тілекті Әбжан – дарын.
Ылайым бола берсін тойың дәйім,
Дарытпай қызғаныштың сойылдарын.
Сенемін досың түгіл дұшпаныңның,
Түбінде толығынан мойындарын!**

**Желгенде алдыңнан жел аңқылдаған,
Жан едің жар тұрса да тартынбаған.
Тілегім шүйілгенін құтқармасын,
Шабытың тоят тілеп шаңқылдаған.**

Самат Асқар

СЕГІЗ ӨНЕР СЕРІСІ БАҚЫТКЕРЕЙ

**Бір өзінде аты бар екі адамның,
Бір өзінде күші бар жеті адамның.
Өлең керек дәл оны сипаттауға,
Әсері аздау әңгіме, мақаланың.**

**Сегіз өнер сыйғандай бір басына,
Еріп жүргім келеді кіл қасына.
Көңілім өсіп қараймын қайта - қайта,
Еңгезердей еңселі тұлғасына.**

**Біраз жүрді ой аңдап, білім бағып,
Бой күткен жоқ, Кавказ бен Қырым барып.
Бар мейірім бетіне жиылғандай,
Бір қараса қой көзі күлім қағып.
Өсек-аяң айтпайды есіткенмен,
Сыртта қонып жатпайды,
кешіккенмен.**

Өзім деген кісіге,
Ойланбастан,
Үстіндегі көйлегін шешіп берген.

Серік ТҰРҒЫНБЕКОВ

БАҚЫТКЕРЕЙ БАУЫРЫМА

Бақыткерей бауырым!
Өлең болды қаруың.
Жыр жолында 20 жыл
Тарттың азап ауырын.
Шамырқанған шабытпен,
Жаздың жырдың тәуірін.
Жігіт болып жұғымды
Сүйдің Елдің аруын...
Ел де сені сүйеді-
Қала, дала, аулың!
Қырқасында қырықтың,
Өлең жаз деп өндіріп-
Сұрайды енді дәуірің!
Ұзақ болсын өмірің,
Бұл тостыны көтерем,
Өзің үшін, бауырым!

Ағаң Мақсұт. Алматы, 13 май 85 жыл.

***СЕНБЕЙІН БЕ, СЕНЕМ БЕ?...
(ақын БАҚЫТКЕРЕЙДІҢ рухына)***

Өрісі едің иен көктің,
Торысы едің еңбектің.
Қайғы жұтып біз қалдық,
Қайрылмасқа сен кеттің.

Көзін салған әлемге,
Ізін салған өлеңге.
Енді сені жоқ дейді,
Сенбейін бе, сенем бе?

«Қайғырғандар қапылсын»,—
Дегенің бе, батыр, шын.
Төрде отыр ең сен кеше,
Төрде бүгін жатырсың.

Қимай сендей асылды,
Көзден маржан шашылды.
Кеткенің бе тым құрса,
Бір көрсетпей басыңды.

Тағдыр салса құрықты.
Тарпаң да іштен тыныпты.
Қайдан табам енді мен,
Лайы көп заманда
Сен секілді тұнықты?!
Бастай бере ғасырды,
Дем—тынысың басылды.

Алдаркөсе ақын көп,
Қайдан табам сен сынды,
Ақын–Қожанасырды?

Күн келеді азалы,
Алтыннан мыс озады.
Қайдан табам енді мен,
Қоспасы көп заманда
Сен секілді тазаны.

Шерте берсем шер, ойды,
Шөл басады көмейді.
Ақын Бақыт табылар.
Қайдан табам мен енді
Адам –Бақыткерейді?!

Өрт тигенде өнерге,
Не айта аламын мен елге.
Бірақ сәтте айналдық
Бір ақыны кем елге.

Ақыны өлгіш заманда,
Ақын керек көмерге.
Бақыткерей өтіпті–ау
Сенбейін бе? Сенем бе?!

Абзал БӨКЕН. 03.01.2020

Сағыныш

Аңсаймын, туған жерді,
Текті Елімді,
Қоңыр күз,
Ақпан қысты,
Көктемінді.
Мен сенен әкеткем жоқ жұтым ауа
Бүгінің, болашақты, өткенінді.

Өздерінде, Махаббат-сағынышым,
Сағынышым – өлмейтін ақын-құсым.
Құсым сенің төбенде шарықтайды
Қанатым көк нұрына шағылыссын!

Шырайлы, ақ шуақты,
аппақ таңым,
Сипалап талдың қызыл моншақтарын!
Керімсал, кер далаға
мал өргізіп
Жарты сағат жүрсе ғой,
Малсақ Жаным!

Түспейді бұл өлкеге көктен Кісі,
Келеді ұмытылып өткен ісі.
Шоқаяқ жоқ, плита үстіндегі
Шайдың да қоңырайып кеткен түсі.

Үйлері,
Қоңырайып, малдары да,
Мал баққан үлкен-кіші жандары да.
Қарайды сағым көзбен,
Танымастай
Менімен өткен жастық жылдарына?!

Ойланып, еске түссе, сол Ауылым,
Күн-түні, сағынышпен ауырамын.
Ауырамын салмақ сап Жүрегіме!
Аман болсын, Туған жер, Бауырларым!

Құс қанаты

**Шұғылалы шыңдарға,
Қонбай ұшып заңғарға.
Шырай төккен шығыстан,
Келді көктем қырларға.**

**Тізбегімен ағылған,
Жетті көлге сағынған.
Күмбез көктің – аққаулар,
Қоңырауы соғылған.**

**Тырна айналды аспанда,
Гүл хауызын ашқанда.
Дөң жастанып жазира
Қарап жатыр құстарға.**

**Дымқыл бүркіп таң алды,
Ызғар тартты самалы.
Жаңбыр соңы қарлатып,
Басып қалды даланы.**

**Құстар кірді тоғайға.
Қарлы суық оңай ма?
Бір тәулікке сыр бермей
Төзу керек қалайда.**

**Біз білмейтін құдірет,
Ақ көңілі үлбіреп.
Қанатына құстардың,
Қарын жапты соңғы рет!**

Торғайым

**Жайқалған нуы,
Толқыған суы-
Торғайым,**

**Шағала шуы,
Қаз, үйрек, қуы
Әрдайым.**

**Асығам Саған,
Жыл сайын барам,
Мазанды ап.**

**Қуаныш табам,
Жаңарып санам
Аспандап.**

**Ақ бидай толы,
Даланың жоны,
Сар толқын.**

**Қалдырмай шетке,
Көтерген көкке
Бар Халқым!**

Мен – алашпын

**Мен – Алашпын;
Аждаһанмен арбасқан,
Озбырлардың жағасына жармасқан.
Боран,
Аяз,
Дауылына қарамай
Қарағайдай
Жарып шыққан жартастан.
Өсуімді тоқтата алмас қар басқан,**

Ырыс болам пенделерге қарны ашқан.
Дәулет берем,
Бақыт құсын қондырып
Дінім берік,
Тілім өткір алмастан.
Мен – Алашпын;
Еркіндікті жақтаймын.
Әділетті, Адалдықты ақтаймын.
Тисең менің, Намысыма, Арыма,
Оқпанға сап жүрегімді оқтаймын.
Жер жүрегі –
Дүрсілдейді кеудемде,
Отырса да озбыр ниет желкемде.
Жата алмаспын –
«Бір құдайдың ісі» –
Тұзға салған ақ сүйектей өлкемде,
Орындатқан алдаспанмен әмірін
Мен – Алашпын;
Терең жайған тамырын.
Атан қомы,
Ат жалында күн кешіп,
Жебе ұшына,
Байлап атқан тағдырын.
Қилы заман,
Соқпағымен алға астым,
Ер – Алпамыс, Қобыланды,
Манаспын! Көк – Бөрілі,

Дүбірлі – дәуір

Поэма

Торғай бойындағы Ұлт – Азаттық Азамат соғысының ардагері
Әбдіғапар – хан мен сарбаз Жағыпар Жанбосынұлына.

Дауыл алды.

Дәміміз осы болар әлі татар.
Хан болған он үш болыс, үш Торғайда

Патшаға екі ғасыр болдық отар,
Жігіттің сұлтаны еді – ау Әбдіғапар.
/Файзолла Сатыбалдыұлы/

Күн күркіреп,
шарт сынғанда найзағай.
Жер солқ етті,
тітіркеніп, ой, Аллаһ!
Қара бұлттың,
құйрық, жалы таралып
Жүйткіп ақты
көлден ұшқан – армандай.

Торғай өзен,
толқындарын тербетіп,
Қос қапталы,
құба талды өрлетіп.
Ағып жатыр,
қанша ғасыр,
кім білген
Тасығанда,
етек, жеңін көлдетіп.

Торғай бойы,
ауыл жайлау қонысы,
Талы отын,
малға пана қамысы.
Осы жерде,
туып - өскен адамның
Табиғатқа
тартып туған –
Намысы!

Жусанды жер,
өлең, қияң, бетеге.
Ақселеудің,
ұшы кірер денеңе.
Көкпек жота,
тобылғылы,
шилi еңіс
Ақ тікенек,
кигіз үйдей – белеңде.

Өзенінде,

алабұға, шортаны,
Ақ қайраны,
жағалауда арманы.
Тоғай іші,
қоян, түлкі, қасқырлар
Судың үсті,
аққу, үйрек, қаз әні.

Қыр шалғында
дуадақ жүр тырнамен,
Тастың беті,
көгеріп тұр қынамен.
Күзен, зорман
суыр дала аңдарын
Қақпан жайып,
жиып алған арбамен.

Киік келіп,
құралайын өргізген,
Баллар ұстап,
қолға үйретіп емізген.
Табын, табын,
жүйткігенде жотада
Толқындардай,
атып шыққан теңізден!


Торғай бойы,
қалың қыпшық қонысы,
Қарабалық, Нияз,

Бегімбет, Торысы,
Туып өскен,
Тілеулі, Иман, Наурызбай
Ханы болған,
Әбдіғапар – арысы!

Төлек – Жауке,
Сары Қошқар батырлар,
Кеңес - Ханға
ерген талай Ақындар,
Ұмытылмас,

Ел аманда,
Жер барда

Ас береді,
жылда ұмытпай – Жақындар!



Кең Торғайда,
Болыс болған – Жанбосын,
Терең салған,
төрт тарапқа арнасын,
Бәйбішесі,
Алуа атты – көреген
Байтұрсынов Ахметтің – Апасы!

Одан туған,
Әбдіғапар, Жағыпар,
Алып болып туған, -
дейді бағы бар.
Жалмағамбет,
Жанбосынның інісі,
Көртоғайда –
мектеп ашқан – «Қара Нар!»

Суармалы егін салып,
сол жерге,
Білім берген,
жан – жақтағы – Елдерге.
Орыс тілін,
жақсы білген – сауданы
Ие болған,
жайлау, тоғай, көлдерге.

Игі жақсы,
исі Қыпшақ – осы Елде,
Суын ішіп,
мал суарған өзенге.
Оңтүстігі,
Атбасар мен Ұлытау
Шығысында,
Ақмола бар – төменде.

Еркін Елдің,
ақыл – ойы өзінде,
Ащуы мен жылуы бар –
көзінде.
Мәрттігі мен
адалдығы сөзінде



Өрлігі мен
Кісілігі – төсінде!

* * *

Болыстың,
билігіне таласты Ел,
Орысты әкеп,
қоныстанды бар Әскер.
Түрме салды,
қамау үшін – Қазақты
Мықты болсаң,
шық дегендей – күрескер!

Кең далаға
патша жайды билігін,
Сөзін сөйлеп,
соңына ерді –
Күйлі Кім
Жер бетінде,
тірі жүрген –
Пендесін
Алаламай,
Ай аялап, сүйді Күн!

Торғай дуан,
Ел жақсысын жыйдырды,
Болыстыққа,
сайлаймыз – деп, сый қылды.
Жанбосынға осы жерде – у беріп,

Ашық күнін,
бір – ақ, сәтте түн қылды...

Жанбосынды,
бір Аллаға тапсырып,
Алуа тапты,
Кенже Ұлын – қапсырып.
Екі – үш күндей,
қатты болған толғағы
Ұл туғанда,
келе жатқан – таң шығып.

Жағыпар, деп,
атын қойды, молда шал.



Ерекше боп,
өсті дейді – ұйқы ашар.
Бір жасында,
тілі шығып сөйлеген
Осы деген,
көреген жұрт – мал табар.

Әбдіғапар,
ойыншық жасап балшықтан,
Малғып жайып,
дорба – дорба асықтан.
Жағыпарды күні ұзаққа –
ойнатып
Сақтап қалған,
талай – талай қырсықтан.

Үш жасында,
атқа мінген – Жағыпар,
Атқа мінген,
қазақ кімге бағынар.
Шауып, жүйткіп
кетеді екен қыр асып
Келгенінше –
Ана жаны сағынар,

Жалмағанбет,
білім берді жан – жақты,
Орысшаға тілі сындырты –
салмақты.
Он жетіге келген шақта –
Әбдіғапар
Атбасардың кең базарын –
шарлатты!

- Ал, Жағыпар,
Азаматсың,
сен бүгін,
Көзі менен
Құлағысың – Еліңнің -
- деп, Ағасы,
Он екі атар винтовка
Алып берді,
оқшантаймын белдігін.

Ұлытауға,



Әбдіғапар аялдап,
Қайын – жұртқа,
сәлем берді аяндап.
Қонақ болды,
бес – алты күн,
той тойлап
Тарихты,
көргендерін баяндап.

Жағыпардың
көзі түсті,
бір қызға,
Айсұлудай,
айдай керім – тұңғышқа,
Алып қашты,
сөз байласып –
ғашығын
Күрмеуге де
келмейді өмір –
бір қысқа!

Отау тікті,
Айсұлумен қосылып,
Өмір жолы,
тартты биік жосылып.
Заман желі,
етек ашып соққан кез
Оң, терісін,
қала алмаған жасырып...

Айсұлу мен,
жас Жағыпар үйленді,
Не бір жұмбақ,
Шаттық сезім күйге енді.
Шаңырақтан
жұлдыз санап түні бойы
Бірін -бірі,
таң атқанша сүйгенді.

Ләззатқа,
жетпейді ғой ештеңе,
Жалғасатын,
тал түсте де, кеште де.
Сағынатын,
сәл көрмесе бір – бірін



**Бір тыныстап,
қабысқанша төс, дене.**

**Еркелеткен,
еркелеген сөздері,
Нұрға толы,
жайнап, жанып көздері.
Қос аққудай,
көрік беріп жататын
Құс төсекке,
бірге батып күштері...**

**Би, Болысқа,
пәрмен келді жасырын,
Бойды билеп,
құрт боп кірді осы мұң.
Оң тоғыз бен қырық үш жас арасын
Соғысқа алмақ,
Елдің алтын – асылын.**



Ақын өмірінің жарқын бейнесі



**қарындасы Аққозы, әкесі Зәйке, Жанар, қолында сәбиі Алмат, Бақыткерей.
1971 жыл**



Бақыткерей мен Жанар. 1972 жыл



Қаз ПИ-дің соңғы курсы. 1972 жыл



Бала кездегі жан достары Тоқтар, Ахметхан, Қалдыбай. 1967 жыл



Бәдеш Қайырбекова-Хамзина ақынды мерейтойымен құттықтауда



**Шәміл Мұхамеджанов, Қайнекей Жармағамбетов,
Бақыткерей Ысқақов. 1970 жыл**



**Бақыткерей Ысқақов, Владлен Берденников, Тынышбай Рахым,
Сағат Әшімбаев, Роллан Сейсенбаев, Оралхан Бөкей. 1973 жыл**



Бақыткерей. Жазушылар Одағы. 1972 жыл



**қаламдас достарымен. Ұлықбек Есдәулетов, Бақыткерей Ысқақ,
Тортай Сәдуақасов, Заманбек Әбдешов. 1978 жыл**



**Ғафу Қайырбеков, Бәдеш Қайырбекова, Қалижан Бекхожин,
Бақыткерей Ысқақ, Жайсаңбек Молдағалиев. 1978 жыл**



ұлы Алмат, келіні Гүлжихан, немересі Әділетпен бірге. 2004 жыл



Бақыткерей мен Жанар. 2009 жыл



Балаларың – бұтақ, немерең - өркен,
 Сыйласын нұрын әрдайым ертең!..
 Шашатын қызың, қорғайтын ұлың
 Атынан түспей тойласын жылда..
 Ақ жаулықты Бәйбіше бол, Ақ ана,
 Қос қолынды Тәңіріге жай-дағы



Бақыткерей туған елі Торғайда. 1978 жыл



Бақыткерей қыздары Анар, Гүлжан, жиен келіші Ақтоты,
күйеу баласы Қанат, жары Жанар, немерелері Аружан,
Әли, Қалиасқардың ортасында. 2009 жыл



Бақыткерейдің музыканы сағынған кезі. 2009 жыл

Баспасөз бетіндегі жарияланымдары:



Ақтанымын қашанда елім десем,
өбес-көкке жетеді жерін көрсем.

Қайда барсаң,
Қазақтың есігі ашық,
Ғұмыр жетсе, шарлауға ерінбесең.

Қонағына қашанда төрі дайын,
Ұмытпаған, төубасын, е, Құдайың.
Тапа нанын төртке үзіп дастарқанға
Тостағанға салады, құрт пен майын.

Шөйдің ісі, сүт дәмі балбыратып,
Ашық қабақ, жылы түс жадыратып,
Жөн сұраса, дәстүрмен отағасы
Жеті атаңды бересің сен таратып.

Не нағашы, жиен боп кірігесің,
Бір заманғы мықтыға ілігесің.
Сұрай-сұрай бөліп жеп қара құртты
Тескейде төс, бастарың бірігесің!

Қотарылса сар қымыз ас адалда
Таза ниет жетеді барша жанға.
Шай жиылмай, бір жігіт
тоқты өңгеріп
Бата сұрап, қол жаяр босағада.

Орамал сап, жез деген, құман ұстап,
Су құяды, бір кіші тарамыс нақ.
Қарық болып, тілекке, ақ батаға
Сөзден кейін, тұрғаны құлақ ұстап.

Жаттап алған аттарын қонақ кісі,
Шақырғанда ет асар бала кіші.
Бір жілікті сындырмай жібермейді,
Бойға сыймай жігіттің қара күші.

Қатық қатқан ақ сорпа басылғасын,
Сөл желініп, қайтара қосылғасын,
Малдас құрып шертесің білегіңді
Домбырасың үкілі ұсынғасын.

Айта алмайсың көргенді жиып тегі.
Қазақтардың байлығы — сүйікті елі.
Өз үйінде жатқандай

ұйықтайсың кеп

Қарап жатып, Жұлдызға биіктегі!



ҚАТАЛДЫҚ

Қар жауып тұр,
мамыр айда жауып тұр.
Қызғалдақтар
қар үстінде жанып тұр.
Өрікгүлдің бар бақытын жаулады
Табиғатқа тосын келген қауіп бұл.



Тосын қауіп, еш мейірін тоспайды,
Өз заңымен қасіретін бастайды.
Тек, өйтеуір, аспандағы Ай, Күннің
Болашаққа тәттің ұштырды.

Қар жауып тұр, жапалақтап, апталап,
Көк теректің алқымады ақтамақ.
Төсеп жатыр балауса көк үстіне
Құшағы ызғар ақ ұласын соқталап.

Қар жамылып, қалтырады ырғайлар,
Қайда кеткен өңші бұлбұл, торғайлар?
Әлдене деп, терезеден көшеге
Басын шайқап, тақылдайды таңдайлар.

Озбыр күштен билікті біз сан алдық,
Қайта көктеп, жеңіп шығар адалдық.
Жаңа шығып келе жатқан көктемнің
Қызғалдағын қармен жапқан қаталдық.

ҚАРА ТОРҒАЙ

Саумал самал бойына тарады ма,
Қанат сілкіп жан-жаққа қарады да.
Қара торғай аспанға кетті шырқап,
Тосқан тарау өн іліп қанатына.

Жүрегімді балқытты бір үн жетіп
Сорғалауып,
Созылып,
Дірілдетіп,
Шырқап тұрды ол,
Даланы күйге бөлеп
Титтей бастан бара ма өмір өтіп?



Жасыл қырлар,
Жасыл тау, жасыл сағым,
Тыңдап жатыр тірліктің асыл шағын.
Төтті әуенге ақ бұлақ тербетіліп,
Бұрымдай құздан төмен шашылды ағын.

Тыңда бөрің,
Тоқтарсың сағыныштан,
Өмір мынау ғасырды алып ұшқан,
Тыңда, жаным, ғұмырдың кереметін
Шырылдаған көктегі жалғыз құстан.

ӨЛЕҢ ЖАЗДЫМ

Өлең жаздым, ұзартып өмірімді,
Қол жетпеске жеткізіп көңілімді.
Жүрегіме қыранның аспандағы
Ғашық болдым таба алмай жерігімді.

Өлең жаздым, сезім-от тасығанда,
Жырым барда, «Құдайға» бас ұрам ба.
Жаздым бөрің жүректің өмірімен
Мұңымды, төтті күнді жасырам ба.

Өлең жаздым, төрт бөліп түн ұйқымады,
Періштем басқан кезде иығымды.
Тулақ — ойға, дайындап сабауымды
Түтелеп отырамын жүн-қиқымады.

Өлең жаздым, тұрмыстан шаршағанда,
Төтеннен дерт жабысып қол салғанда.
Көз алдым, думан өмір дөңгеленіп
Өткенді, асау күнді аңсағанда.

Өлең жаздым, шаршадым,
кім тыңдайды,
Жолды кесіп, пысықтар қутыңдайды.
Бұл өмірде, жоқ затты тауып берер
Саудагер жан ешқашан ұтылмайды.

Өлең жаздым, өлеңнен бетім қайтып,
Қашанғы отырамын жетімді айтып.
Тауға, тасқа соғылаған бас ішінен
Шыға келер, опасыз сенім тайқып.

Өлең жаздым, өмірге жыным келіп,
Соққанда өкпек желі қырын келіп.
Қаламүшпен жібердім түйреп ашып
Сыздатқан жарам аузын іріңделіп.

Өлең жаздым, білесің, бөріңе де.
Қосылып, жұртта қалмай бар үңіңе.
Қаныңа сіңіп кеткен қайран жыдаар
Қоздырады бойыңды әлі күнге.

Өлең жаздым, қол жетпес ғашығым,
Тең келмес өмірдегі асылым.
Келе, келе, ол-дағы кетті алыстап
Білмеймін, сері сезім жасыды ма.

Өлең жаздым, қысқартып ғұмырымды,
Түссін жарар еді бұл мұңымды,
Бауырды езіп, жүрекпен жаңды
ауыртып
Шырқаттым өз даусыммен бұлбұлымды!

ОРМАН АРАСЫҢДА

Шулаңдар, теңселіндер, ормандарым,
Билеңдер
Жылынғанша тонған жаның.
Күліңдер,
Қол соғыңдар,
Күрсініңдер —
Естілісін іште жатқан армандарын.

Ұйқыдан осылай бір ояныңдар,
Қасқыр, түлкі, ішінде қояның бар.
Қисығың бар,
Аласа,
Биігің бар,
Көктемде жасыл нілге бояныңдар.

Шалқалап,
Иіліндер, қозғалыңдар.
Қыс пен күз,
Көктем, ыстық жаздарың бар.
Қызғанып бір-біріңе көз алартпай
Таранып ақ сөулеге назданыңдар

Дүрлігіп,
Осылай бір сылқиніңдер,
Тынысын өміріңнің білдіріңдер...
Арылтың шаң-тозаңнан
Дауыл, жауын
Әр жанның
Өзіне тән тірлігін бер!

ТУҒАН КҮНДЕ

Бұлбұлы қонып көктемнің,
Сайрайды бүгін кеудемде.
Шуағын төгіп көктен күн
Қарайды менің бөлмеме.

Талдағы бұлбұл, торғайлар,
Тамсанып жатыр үңіме.
Сыңсыған сазды сырнайлар
Қоса алмас даусын әніме.

Телефон соғып дамылсыз
Құттықтап жатыр достарым,
Таң атпай жарым сабырсыз
Жасап жүр жедел ас қамын.



Балаларым гүлін ұсынып
Сүйеді кезек бетімнен,
Көңілдің құсын ұшырып
Жатырмын санап шетінен.

Жатырмын түсіп шалқамнан,
Үйдегі өзім — күдірет.
Барлық жүк түсіп арқамнан
Туған күнімде бір рет!



САҒЫНЫШ

Туған жердің қырларынан
асқанда,
Көзге ыстық көкшіл күмбез
аспанда.
Шыдамаймын сағыныштың
күшіне,
Бетегелі топырағын басқанда.

Қарлығаштың көңілдері шат
қандай,
Қанатынан саумал самал
аққандай.
Қалампырдың жұмсақ исі
жетелеп
Шегірткелер шежіре айтып
жатқандай.

Осы жерден ұшқан алғаш
жырларым:
Дүниенің ашамын деп
сырларын.
Маңдай терім сар тамызда
тамшылап,
«Қайыңдының» келем асып
қырларын.

«МЕНИҢ — ӘКЕМ!» НЕМЕСЕ ЕРКІН ТАҚЫРЫПТАҒЫ ШЫҒАРМА ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Оза алмай жазмыштың
арбасынан,
Қондырып күнді ұяға, таңға
асыққан.
Шофер боп жүк тасығам,
ел аралап
Отанның тиеп алып
қамбасынан.

Ыза етіп,
ауыл-жұрты еңбегімен
Ақпанда аласұрып,
терледім мен.

Көп еді
Өзі кедей, жомарт жандар
Бұл күнде сондай жұртты
көрмедім мен.

Жыл сайын,
шілде туа мазалайтын,
Арманым болушы еді жан
арбайтын.
Оқуға жылда барып
құлап қайтам

Кілт түспесе,
Құлыпты аша алмайсың...

Тар болып тақияма басқа қала,
Сол жылы тағы келдім
Астанаға.
Шығарма.
«Менің — әкем» — еркін
тақырып

«Ап сынап... —
деп кірістім —
қасқа бала».

Ойлап ем,
оң жамбасқа ыңғайланды,
Тарихы жан әкемнің шыр
айналды...

Оқығам өмірбаян құжаттарын
Тұрғанмен жүрек сайрап,
қол байланды...

...Туған жер — Сұлуағаш,
Қарабалық —
Болысы,
Атын қойған құран алып.
Естігем өз аузынан
Жастық шағын,
Қалың ой келе жатты
қылаңданып.

Арабша, жәдитше оқып,
сауат алып,



Бактыкерей ЫСҚАҚОВ

ӨНЕРДІҢ КЕЛЕМ ШАУЫП ЖАРЫСЫНДА

Көрінген зергек оймен
сан мақталып.
Оқытып Қазан, Орынбор,
Ақмешітке
Жіберген өзі өкімет сарапқа алып.

Онбестей артель құрған бір жылында,
Жүрсен де шет аймақтың қиырында.
Әкем де мүше болған ел қатарлы
Сол кезде «Құдайсыздар ұйымына».

Ауылдай, Уәкіл боп атқа мінген,
Ақпарат ағымдарын жатқа білген.
Жат аймақ, алыс елден астық тасып
«Аштықтан құтқарушы» топқа кірген.

Ел үшін, —
су кешсе де етігімен,
«Қазақтың тұқымы бұл, бай тегінен,
Ысмайыл Жаманшал ұрпағы», —
деп —
Аударып
заман кеткен
көлігінен.

Итжеккен айдауына, төтеп беріп,
Он жылын,
бес-ақ жылда өтеп келіп.
Қайтара қалың елмен араласқан
Соңынан партияның, жетекке еріп.

Тұрғызып аш даласын шөліркеген,
Райзо, райком боп көтерілген.
Соғыс жылы,
жетім үй,
жесірлердің
Көтеріскен қазанын төңкерілген.

Жеңіс ап,
Мен туыппын мейрамдатып,
Тойлапты,
сүт пісіріп, айран қатып...
Жүргенде
«Халық жауы аталыпты»
Жазғыштар
жала таққан ойдан шатып.

Адам түгіл кететін шайтан қашып,
Лагерде өмір кешкен Байкал асып.
Ағаш кескен, ағызып өзендермен
Ажалмен минут сайын жақындасып.

Алты жыл, жеті ай жүріп Сібіріңнен,
Дәм жазып,
аман қалған сүргінінен,
Оралды елу бестің күз айында
Кіне жоқ,
Жасырсын ол сырын кімнен.

Ар жағы маған аян бес саусақтай,
Келер күн жатты алдымда
баспалдақтай.
Мінгізіп алды мені мойнына
Басталды әкелі өмір,
жаз шуақтай.

Көр қазып
Тірі адамға тас қалаған,
Жылдар өтті,
Қасқырдай дос талаған.

Іздеп кеп
Келер майда
партбилетін.
Ақталып
алып қайттық Астанадан.

Жеке меншік баспана бұйырмаған,
Жан еді,
Менің — әкем мойымаған.
Кірісті қызметке —
Ақ жүрегі
Сүттей таза,
қаймақтан айырмаған.

Жақсылығын жасамады — малға
сатып,
Дүние жинамады шаңға аунатып,
Жас жетпей пенсияға шығып қалды
Ауруы маза бермей жанға батып.

Көрі-жас, ақылдасып алған кеңес
Түсінбес екі жақта болса егес...
Әкем — менің
Үкімет жиынынан
Дәлелсіз жанын бағып қалған емес.

Біреудің қамқа тонын жамылмаған,
Төсіне бар темірін тағынбаған.
«Жалаң аяқ» өсіріп жалғыз мені
ВУЗ-дәрға
танысы салып жалынбаған.

«Ақыл, ой тек еңбекпен шыңдалады,
Төзімді адал жүрек —
шыңды алады.
Бірге бол, туған елмен, —
дейтін, әкем,
— Өмірдің шуағы бар,
шырғалаңы»...

...Пенденің ұшырамай қарғысына,
Оралып туған елдің алғысына.
Оқуға түспек болып,
Әкем жайлы,
Шығарма жазып бердім,
жан қысыла.

Бойыма бермесе де алыптықты,
Жүрекке көтере алмас салып жүкті.
Өлеңмен өрнектелген —
сол тақырып
Алатау асқарына алып шықты.

Жан бар ма қиындыққа қайыспаған,
Дауылға шыбық бар ма майыспаған?
Жеңдіріп төзім күшке — бар бейнетті
Қолыма қалам алып, ай ұстағам.

Тфә... тфә...
шалқысам тілім тасқа,
Көңіл бай,
қалтам таяз, қолым қысқа.
Бірақ та қайда барсам,
бауыр табам
Тұрмаймын жұрт бөлек деп,
елім басқа!

Өнердің келем шауып жарысында,
Білмеймін,
жақыны ма,
алысы ма?

Ойлансам,
Әкем жайлы,
Жігер оты,
Алмас боп қайралады намысыма.

Көз көрген,
ешбір пенде бұлай демес,
Мақтанам,
әкемді айтып — құдайды емес.
Тірлікте —
әке болу қас-қағым сәт...
Әкелік атты сақтау —
Оңай емес!...

ДОЙБЫ ЗАҢЫ

Алақандай тақтада,
Тырсы-тырсы «майдан» басталды.
Қандай қиын шақта да
Қорғау керек тастарды.

Бекінісіп,
белдесіп,
Ара-жігі ашыпмай,
Тұрды екі жақ шендесіп
Күш-жігерін жасырмай.

Бір-бірінің бақталас
Ашық жерін аңдиды.
«Жеген» кезде тасты тас
Бастарынан қарғиды.

Жемге беріп тастарды
Алу үшін билікті.
Не бір осал тұстарды
Бұзбақ болып киілікті.

Даңғойланып тасыған,
Қарсыластың жүрісін.
Бір-ақ аттап басынан
Қиып тастар күні үшін.

Не болса да қулықпен
Жету керек жеңіске.
Отау үйге ту тіккен
Салар жемін бөліске.

Атақ үшін күресте,
Жасайды кім сараңдық.
Түссең болды тіреске
Алдап жүріп,
ал да жық.

Бүйірден де келеді,
Барлаушылар ұрлыққа.
Тегін олжа жеп еді, —
Байланды кеп құлдыққа.

Қолға түсер алдаса,
Қазыналы ұзын үй.
Таспен тастар болмаса
Қарсы жүрмес биге би.

Дойбы заңы тым қатал,
Берген тасты жеу керек.
Шашыратпай жүр қатар
Қимылдап қал ертерек.

Кейін жүру шегініп,
Тек билердің қолында.
Жалғыз тұяқ телміріп
Тұрмас оның жолында.

Билік алған кимелеп,
Тасты жеуге тоймайды.
Жеңілгеннің күйгелек
Намыс отын қайрайды.

Мықты болсаң ал шыда,
Жеңілісің таласып,
Отыз екі шаршыда
Бір жүрістен шатысып.



Құттықтаймыз!

Ақын Бақтыкерей ЫСҚАҚОВ 50 жаста



Қадірлі Бақтыкерей, өзіңді 50 жасқа толған мерейтойыңмен барлық қаламдас достарың және Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретариаты ыстық ықыласпен құттықтайды.

Орта мектепті бітірісімен туған ауылда еңбек жолын бастап, шофер болып жұмыс істеуің — өмір құбылыстарын тереңдеп танып-білуіңе, ақындық талантыңның ашыла түсуіне ықпал етті. Сөйтіп, асуы көп арман жолына бет бұрғызды. Осы мақсатпен Қазақ мемлекеттік Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай тәмамдап, Қазақстан Жазушылар одағының көркем әдебиетті насихаттау бюросында, «Жалын», «Жазушы» баспаларында редактор, «Жұлдыздар» әдеби-өнер бірлестігінде жауапты хатшы, «Сана» газетінде редактор болған кездеріңде іскер қабілетіңмен танылды.

1962 жылдан бастап республикалық газет-журналдарға жариялана бастаған өлеңдерің бүгінде атыңды жұртшылыққа белгілі ақын ретінде танытты. «Көктем тынысы», «Ғашық жүрек», «Төкаппар таулар», «Жол айрығы», «Маржан тұма», «Шыршалы шың», «Найзағай жарқылы», «Бұлттар таудан тайды», «Бұлттағы бұлақ» (таңдамалы), «Той төбе», «Бес тас», «Ханталалай» жыр кітаптарың оқырман жүрегіне жол тапты. Оның сыртында қырықтан аса топтама кітаптарға өлеңдерің кірді.

Қадірлі Бақтыкерей, кемел жаста шығармашылық табысыңның мол, геніңнің сау, отбасыңның аман болуына шынайы тілектеспіз.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ СЕКРЕТАРИАТЫ.



Бақыткерей
ЫСҚАҚОВ

ЖҰМБАҚ — ШЫҢҒЫРАУ

Үшқындай ұшқан уақыт қайта оралмас,
Топырақ болған денеден адам жаралмас.
Күн менен бірге жасайтын жердің үстінде
Алтын өрнекті, өнер мен өлең ақ алмас!

Көз астымен, көңілін бұзған талайдың,
Хор сұлуындай, өлең де қызы құдайдың.
Құрықтан қашқан құлындай, он үш жасымда
Сабакқа бармай, жаттадым жырын Абайдың!

Үшырды биік, аспандап кетті ой, сана,
Көз алдым кеңіп, оянды қайта айнала.
Адамы жұмбақ, өлеңі түпсіз тұңғыш,
Жыр жүрек маған, саусағын жайды жөй ғана.

Келемін содан, саусағын сорып, өлеңің,
Жанарын сүртіп, құлағын ашып кереннің.
Қаншама жылдар, қайталап оқи берсем де
Еш мүмкін емес түбіне жету тереңің!

Дұғамдай көріп, жастанып жатам басыма,
Жын-шайтан түгіл, жоламас шаң да асылға.
Құтпынай ернін, бозартып жұпар арудың
Сөлемін айттым, мен де өз қаламқасыма.

Бір күні бөлкім, теніздер кеуіп тартылар,
Күн мен жел мүжіп, бөйтерек — өмір қалтырар.
Абай — жыр ғана, жалғасып мәңгі ұрпақпен
Қазақ тілінде, намысты қорғап шарқ ұрар!

Гауһардай қымбат, өрнекті өлең қырына,
Өзінен басқа жете алмас ешкім сырына.
Өзеге көңіл тойғанмен мынау өмірде
Аш күрсак болып өтемін сенің жырыңа!

Өзекті өртеп, қак жарар сөзі, ақ алмас,
Ғасырлар өтсін, Пайғамбар жыры жұқармас.
Шығарғанмен төріне Абай пендесін
Төбесіне ешкімді мәңгі Шығармас!

Қанменен емес, сүтпен де өлең жазамын,
Кой үстіне ұялатып торғай озамын,
Әлемнің жеті кереметінің ішіне
Сегізінші ғып жырыңды Сенің қосамын!

Жеңіспен дүниеге келген тұлға

Арқалық өңірлік архивінің қорында сақталынған құжаттар бойынша биылғы жылдың 09 мамырында 75 жасқа толып отырған жазушы, ақын Бақыткерей Зәйкеұлы Ысқақ туралы айтпақпыз.

**Мен Туғанда,
Тыныштығын алған
 әлемнің
Соғыс тажал тоқтапты!
Бақыткерей Ысқақ**

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Бақыткерей Ысқақ Зейкеұлы 1945 жылдың 9 мамырында жеңіспен бірге дүниеге келген. Қостанай аймағы, Арқалық ауданындағы "Кайыңды" кеңшары, Бектам қыстағында 1953 жылы А.А.Иманов кеңшарының "Жаңа ауыл" орта мектебін бітіргеннен кейін, 1967 жылға дейін Аманкелді және Арқалық аудандарында көлік жүргізуші болып еңбек еткен. Қазақстан Республикасының 1972 - 1975 жылдары Жазушылар Одағында көркем әдебиеттің насихаттау бюросының нұсқаушысы, 1975 - 1976 жылдары Баспа комитетінде аға редактор, 1976 жылы "Жалын" баспасында редактор, 1976 жылдың көктем айында 1979 жылдан Аманкелді ауданының - "Құрметті Азаматы".

Күрме: 11 Азаматты. 1967 жылы Алматыға оқуға түсуге келіп, содан бері осында тұрған. Оқуға түскенге дейін әуелде "Алматы жиназ" фабрикасында жүк тасушы болып жұмыс істеген. Содан біраз уақыт "қазақстан пионері" газетінде еңбек еткен.

1968 жылы Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетіне түсіп, оны 1972 жылы бітіріп, «Жазушы» баспасының Одағының Көркем әдебиетті насихаттау бюросында нұсқаушы, 1975 жылдан Баспа комитетінде редактор, 1976 жылдан «Жазушы» баспасының балалар редакциясында, 1979 жылдан 1996 жылға дейін «Жазушы» баспасының поэзия бөлімінде редактор болып қызмет етті. 2008 жылы зейнетке шыққан.

Б.Ысқақтың өлеңдері облыстық және республикалық газет-журналдарда 1962 жылдан жариялана бастады. Алғашқы өлеңдер жинағы 1975 жылы "Жалын" баспасынан шыққан "Көктем



тынысы" атты жастар жинағына енді. Содан бері 20-дан астам жыр жинағы шыққан.

Бақыткерей Ысқақтың адал-
дықтан адамға деген махаббатан
туатын қайсар жырлары да бар.
Ол көптеген кітаптардың авторы,
үлкен үлкен аудармалар жасаған

улкен үйкөн аудармалар жасаган. А. А. Байтұрсынұлы "Сүйемін сені" моңгол акыны Ж. Дойшондогтогын "Күн шуақ", "Үй сайыс" атты өлөн кітаптарын аударды. А. А. Байтұрсынұлы "Сүйемін сені" лирикалық шыгармалары орыс, татар, қырғыз, ұйғыр және моңгол тілдеріне аударылып, 60-тан астам топтама жасап, оларды 1920-жылдан бастап теген баллада, шағын толғаулар мен бірнеше поэмалардың авторы Амангелді Иманов, Өтеген Баймен, Мұстафа Қасымбаевтар әлі күнге сүйіп оқыды.

Бақыткерей Ысқақ қандай шығармасында болмасын, өз ойларын өрнекті тілмен, поэтикалық үнмен, оралымды үйіріммен жеткізуге шебер. Ол жаңбырлы қарлы күндерде әдемілеп өлеңдер жазған.

Өз даусына лайық тақырып тандап, оны өзінше жырлап, өмір құбылысын қамту жағынан, авторлық ойды бейнелеу ерекшелігі жағынан болсын, өзіндік сипат

пен көңілге жылылық ұялатып,
оқрман мен ақын арасындағы
жібек желіні ширата түскендей.
Жыр сүйер қауым барда жер-
лесіміз Вақыткерей Ысқақтың
өлеңдері мәңгі өмірі сүрері анық.

Бакыткерей Бисқан соңғы кезде балаларға арналған өлеңдер жаза бастаған еді. Бірақ көп жазуға тағдыр қоспады. Артынд жұбайы Жанар мен үл қыздары, күйеу балалары, балалдары Гаура, Мұрат, Мұнар, Анара, Қалма, Агмата, Гүлжихан,, Марат-Жанар, Гүлжан-Талғат және немерелері қалды. 2010 жылы 03 қаңтарда 65 жасқа қарағанда дүниеден өтті. Ақынның ұлдары мен қыздары, балалары, балалары жасап жатса, артында қалған жырлары да бірінен кейін бірі жеке кітап болып туындап жатыр. 9 мамыр Жеңіс мерекесі ғана емес, шаңырағында жыл сайын Бакыткерей Бисқан атымен қызып кететін жұбайы Жанар ана ақ дастархан жайып тойлаған.

МӘҢГІ ТЫЛЫМ

Мен өлгенде жыламайтын
адам бар,
Топан суы тасыса да ғалам шар.
Тау теңселмес, тексіз неме

Бір жусанын үзетін тек мұңаймас,
Мен өлермін, тіршілікті көз далам бар.

Дүниенің бір тетігі өзгермес.
Қараңғыда біліп жатам жер бетін

Тіл байланып, көмекейім
Жалғыз торғай, күнде

Жалғыз тортай, күнде
отырар шырылдап,
Сол айтады, жел айтады
ызындап.
Ырза болып, көз көргендер

Бірза болып, көз көргендер
Оң жағыма бір аунаймын ^{сөзіне}
қырындап.

Айгүл НУРЕКИНА,
Арқалық өңірлік
мемлекеттік архивінің
архивисі.

КҮШ АТАСЫ — ҚАЖЫМУҚАН

ПОЭМА

[illegible]

Қол жетіп,
Тай мініп,
түндік көзін түрді ұл-қыз.

КОЗЫН КУУП, АСЫС АТЫП,
МУКАН ЖУР, КУДАСТАРЫН СЫН ЖЫЛАТЫП.
СӨЗДӨН КӨКӨЛӨТӨН КӨСӨН КӨСӨН
ӨНӨСӨН БАУУРЫНА КЫСЫН ЖАТЫП

ТШЫНЫЛДЫ ТУУНУС ДА, ИЯТКАМАСТЫ
АДАЛДЫ КӨСӨП БАГА, ЖЫЗЫН ТУУН
МУКАН ДА САУДАСТАРДЫН ЖОЛДЫСЫЗ БӨП
КАР КҮРӨП, ОТЫН БУТАП, МАЛЫН САКТЫ.

Қар күре, отын бұтап, малын сақты.
Қыс ұзақ,
Көздатты малын елдің қарбазасын.
Әуелі өлі сүйбеп,
Мұнан бір нұс
Ат елін тарта алмаған бөпө шаңасын.
Келісті кескін көлбет түсі дара,

Аталды осы күнөн күнті база.
Сәуір өте, мамыр жер жайды гүлін
Ойнатай арғымағын асыл даға.

Желі майлап, сабадан қымыз саулап,
Қызып жүр, қыдырған жан,
Жұлқып, құлқан аулап,
Жарықтың жайлау нұры алдидебі,
Жылақы үйездеп,
Жоліде құлын аунап.

Асепиде — үлпай аунан,
 Ысепидей — мерей тасын арна асады.
 Қалың ел, бір-бірімен қолдасады.
 Кешінде алтыбауыт жүрес
 Жарыстар, ойын-сауық жолғасады.
 Күреске Мұқан түссе бермес шенді,
 Кеудемсоқ жөн турғендер бір сеске
 Сайылып, қаймасқа шығып, іштен и
 Сыпыра тобысқа үреін
 бөлдескенді.

белдескенди.
Есілдей дүлейленсе жарадан асып,
Бұрынтейте бұрын ұстап алған басып,
Атағы Сарыарқаға кең жайылды,
Ән салып, жолдас-доспен армандасып.
Қара күш айдарынан жел естірген,
Сал, сері өнерпазды ілестірген,
Ас, тойдан алған түйе, жылқы малын
Мәетім ұя.

— Адамның қолы жетпес көктерге.
Танытар. Елді-жұртты тектіліге.
Осы! — деп. Би жақсыдар ақыдасын

Ин жаксылар акылдасын
Тапсырды Орынбордың мектебіне!
Апаңтас күштілерді жарыстырған,
Цирк бұл, белдестіріп алыстырған,
Гүлерді бөлен-ай пұт аспанға атып,
Палуандар, темір бұрап қабыстырған.

Палауанда, темір бурап қабыстырған
Төсіне сөм бәлгемен тас уатқан,
Шөк шайнап,
Жылы жұттың кызулы оттан,
Шыдапты сөм денесін Мұқан күн-түн,
Кенде емес,
Алла берген күш-қуаттан.

Алла берген күш-куаттан.
Жыл өтті,
Ел танымы батыс жанаты,
Төсінде қазап тастап патшалығы,
Қызылдан сом төмелген билерінің
Қызылдан алаңдап патшалығы,
Пандатын көңге, қазап, алаңдатын
Төмелген билерінің

Бакыткерей ЫСҚАК

Поддубный, Зайкин, Воров, Шамшинов, Мен-
Тусеидов, Якуты, Ресей шаараларын.

Тугуенден шыкты Ресей шафарларын,
Азуын айга билеи алыскандар
Булдасын намыс ушун туыс жандар,
Патшалар өңөр, кушты көрсөтүгө
Патшалар билбей, Алдында тандары,
X X X
Жаланды от-игери арындаты,
Белдери остоими даян татты,
Лақтырса карсылдыын, Муну калуан,
Көрөрсөм калыктарын аскайга атты.

Көпкөн тос,
Идә һык, кыран көздә, урынч беттә.
Төр сымат, аңлыһык кәс ояттыдай
Дуа илдәрдә дәлелләргә.

Төр сүнгән, рух берин жорекк кыетм.
Адыһаным Мұнан төсін өрнотеген.
Күрсүншә талай Ару боп маншын
Ханымдар күс төскөтә дөгөншәгән.

Ханымда күс төсөткөн дөңсөөлөрү,
Пырыгынан шырап төгсн арай таңы,
Күзүмдөй күзүмдөй күзүмдөй күзүмдөй,
Сарынан Сарынасын жүрдү Мүкөн
Аралар, сан, салтанат сараларын,
Барына, Харбин, Берлин каласына,
Пока, Лондон, Париж аралына,
Алматы Аксуну, Стамбул,
Будапешт, Рига, Рим даласына,
Европа астанын дүрдөткөн

Пәриана атоянның дүрүддәткән
Тәһүвәткәндә йәдгәр Бар үмүттән.
Дәрин. Аһуһина арыстайы
Темір-Бозат казанына дйәе бункөн.
Ед-тәһүт жаманлыһынчын атаймәгән
Кнелд, дуалы ауул.
Бәддәстін Сәмбүлдә Нүрәлмән
Нәһийн күш — Кәһн атайған.
Нәһкәс сарын — Кәһн атайған.
Мәһмәдмәһмәд — Кәһн атайған.

Жуғарда мұхит чегін, Баласы көшп, Шығында бәдәстер алдына басып, Сыйынған Көзө Қыпшақ аруағына Бұйырған сыйағасын алдан тосып, Қажырмұхан, кетті данқы жер шарына, Сомақ Төңіз, Дала, Зингарын, Кайсар көшп, қатты тасты қыс абырған, Кездестірді Сарықұм қызын, Қаншама ұлт болса мынау жер төсін.

Канишма улт, болса менин жер тосинде
Курестин сонна туул элесинде...
Атылып, «жиб-жиг» шыкты,
Мукай
Жапондык айла-тосул бйлмесе де,
Май дене лып-лып шауып каниктабды,
Курсаул манайлатпай устайтбы,
Калы тиген жердедин сурай жалай,
Шаптадай артан шыгып дукабды.

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ҚҰРДАСЫМ ЕДІ...

Бүгінде марқұм боп кеткен Кеңшілік пен Жарасқан ақындар айтқандай өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғына таман, жетпісінші жылдардың басында, әдебиетке бір топ «соғыстан соң туған ұрпақ» келген едік. Солардың ішінде менің түйдей құрдасым Бақыткерей Ысқақов та бар еді. Ол да міне ортамызды опырайтып дүниеден озды.

Мен өз басым Бақыткерейдей жаны таза, жүрегі кең, кісілігі мол, ешкіммен жүз шайыспаған, ешкімді жамандамайтын, әрі аңғал, әрі ақкөңіл адамды көрген емеспін. Ол ғұмыр бойы «болмасын деген – оңбасын» деген принциппен өмір сүрді. Ол сенің қиындығыңа сенен бетер қиналатын, сенің қуанышыңа сенен бетер қуанатын жан еді. Жұрттың бәрін өзіндей ақкөңіл, өзіндей дарқан көретін.

Әрине, ондай адамнан ойда жоқта айрылып қалу қандай өкінішті. Ол–ақын еді. Бірақ оның поэзиясы көп насихатталмады. Айтылмады. Ол да қазір менің жаныма батып тұр... Әрине өкініш. Не болғанда да өзінің еңбегінің бағасын тірі де естіп кеткенге не жетсін...

Ол өленді, әсіресе соңғы жылдары өндіріп жазды.Өлеңге адал қызмет етті. Енді ол туралы айтылар әңгіме – алда...

Қош бол, жайсаң дос, асыл құрдас Бақыткерей!

Темірхан Медетбеков



ақын Бақыткерей Ысқақовтың зираты

Есімдердің алфавиттік көрсеткіші

Асқар, С. 68
Ахметжанова, Ә. 65
Жақып, Ә. 62
Мәдібаева, Қ. 66
Нурекина, А. 63-64
Рсаев, Т. 66
Сейтқожина, Г. 61
Тұрғынбекұлы, С. 67
Ысқақов, Б. 1-17, 18-60

Мазмұны

<i>Құрастырушыдан.....</i>	<i>3</i>
<i>Өлең өзегіндегі өмір.....</i>	<i>4-5</i>
<i>Шығармалары.....</i>	<i>5-6</i>
<i>Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары.....</i>	<i>6-8</i>
<i>Ол туралы.....</i>	<i>9</i>
<i>Ақын жайлы лебіздер, арнаулар.....</i>	<i>15-19</i>
<i>Ақын өлеңдері.....</i>	<i>20-30</i>
<i>Ақын өмірінің жарқын бейнесі.....</i>	<i>31-37</i>
<i>Баспасөз бетіндегі жарияланымдары.....</i>	<i>38-41</i>
<i>Жаны жайсаң құрдасым.....</i>	<i>43-44</i>
<i>Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....</i>	<i>45</i>

Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы,
Родина ауылы
Гагарина көшесі, 21. Тел. 2-10-18
E – [mail:cbs10@mail.ru](mailto:cbs10@mail.ru)

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай
Компьютерлік терілім: С. М. Көшкінбай
Редактор: Л.Б. Исабекова
Шығарылымға жауапты: Д.Е. Құсайын
Басуға қол қойылды: 18.04. 2025
Таралым 5
Басылым: ксерокс

